

**"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 17 бұйрығына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 3 шілдедегі № 231 бұйрығы
БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 17 бұйрығына
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің
Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 68-1), 68-2), 68-3), 68-4), 68-5), 68-6) және 68-7)
тармақшалармен толықтырсын:

"68-1) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік
біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

68-2) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі
ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы
уәкілетті органға жіберу;

68-3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың
жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ
кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік
біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

68-4) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға кәсіптік біліктілікті
тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізу;

68-5) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы үлгілік ереженің
негізінде кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу;

68-6) азаматтық авиация саласында салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе)
өзектілендіру;

68-7) азаматтық авиация саласында кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе)
өзектілендіру;"

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті
заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ
және орыс тілдерінде электрондық нысанда Қазақстан Республикасы Нормативтік

құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрі

М. Карабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК